

**"Қазақстан темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігімен мемлекеттік емес сыртқы заемын тартуы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 29 желтоқсан N 1935

Алматы-Астана желісінде жолаушылар поездарының жүру уақытын қысқарту, сондай-ақ қозғалыс қауіпсіздігі мен жолаушылар үшін жайлылығын арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігімен тартылатын мемлекеттік емес сыртқы заем қаражаты есебінен қаржыландырылатын "Қазақстан темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі - "Заем алушы") "Patentes Talgo S.A." компаниясының (Испания Корольдігі) екі темір жол жолаушылар составын сатып алу жобасы басым инвестициялық жоба ретінде мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен :

1) тартылатын мемлекеттік емес заем бойынша міндеттемелерді Заем алушының орындауын қамтамасыз ету ретінде кредиторға "2001 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен Z990473\_ бекітілген мемлекеттік кепілдіктерді беру лимиті шегінде жалпы сомасы 27 400 000 (жиырма жеті миллион төрт жүз мың) АҚШ долларына Қазақстан Республикасының мемлекеттік к е п і л д і г і н б е р с і н ;

2) көрсетілген мемлекеттік кепілдіктің берілуіне байланысты оның

Қазақстан Республикасының алдында туындайтын міндеттемелері туралы Заем алушымен тиісті келісім жасассын.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.05.31. N 747 қаулысымен.

P010747\_

3. Заем алушы заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік кепілдікті алуға үміткер тұлғаларға қойылатын талаптардың орындалуын қамтамасыз етсін.

4.

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ күшін жойды - ҚР Үкіметінің 2000.12.30. N 1963  
қаулысымен.

P001963\_

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің орынбасары О.Жандосовқа жүктелсін.
6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
бірінші орынбасары

Мамандар:  
Қобдалиева Н.М.  
Орынбекова Д.К.